

Шортанды ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 қазандағы № С-21/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 қарашада № 3884 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 тамыздағы № С-46/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 29.08.2019 № С-46/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р К А О е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 56 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларына сәйкес, Шортанды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шортанды ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрагасы*

Аудандық мәслихаттың хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Аудан әкімі

B. Волокитин

Г. Скирда

Г. Сәдуақасова

Шортанды аудандық мәслихатының

2013 жылғы 25 қазандағы

№ С-21/3 шешімімен

бекітілген

Шортанды ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

1. Осы Шортанды ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-3-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген, әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларына (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

- 1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;
- 2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша, аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;
- 3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Ақмола облысының статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;
- 4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;
- 5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;
- 6) алынып тасталды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 11.05.2016 № С-3/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

- 7) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;
- 8) уәкілдегі орган – "Шортанды ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
- 9) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілдегі ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік

қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

10) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Шортанды ауданының кент, ауылдық округтер әкімдерінің шешімімен құрыллатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 2-тармақта өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 24.12.2015 № С-44/7 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.05.2016 № С-3/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 04.08.2016 № С-6/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 02.10.2018 № С-31/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органмен мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20 бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16 бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, жылына бір рет көрсетіледі).

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы және мерекелік күндердің тізбесі:

- 1) 9 мамыр - Женіс Күні;
- 2) 1 қазан - қарттар Күні;
- 3) мүгедектер Күні (қазанның екінші жексенбісі).

7. Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін Ақмола облысының жергілікті атқарушы органымен бекітілген ережелер негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері

8. Әлеуметтік көмек алушылар санатының тізбесі:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;

женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар;

женілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары;

ең төмен және ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен алатын зейнеткерлер;

мүгедектер;

туберкулезben аурулары;

табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардал шеккен азаматтары (отбасылары);

аз қамтылған азаматтары (отбасылары);

16-жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған тұлғалары;

онкологиялық аурулары;

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы енбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған тұлғалар;

аз қамтылған, көп балалы (отбасылардың), халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын, жоғарғы медициналық оқу мекемелерінде оқытын студенттер.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қызын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіз болады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру немесе әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгіленбейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың бар болуы.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде жоғарыда бекітілген тізбе негізінде басшылыққа алады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 02.10.2018 № С-31/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Әлеуметтік көмек:

1) 9 мамыр - Женіс Күніне:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне женілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген басқа тұлғалардың санаттарына;

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы енбекі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған тұлғаларға үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) Қарттар күніне орай:

ең төмен және ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен алатын зейнеткерлерге;

3) Қазақстан Республикасының мүгедектер Күніне:

барлық топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларға беріледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 24.12.2015 № С-44/7 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 04.08.2016 № С-6/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 02.10.2018 № С-31/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек азаматтарға (отбасыларға) өтініш бойынша азаматтың (отбасының) орта жандық кірісіне қарамастан беріледі:

1) медициналық мекеменің растауы негізінде амбулаториялық емделудегі туберкулезben ауыратындарға жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) онкологиялық стационардың растауы негізінде онкологиялық пайда болған қатерлі ауруы алғаш анықталғандарға жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) белгілі мән-жайлар бойынша жедел әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға (азаматтарға), орт, су тасқыны, басқа да табиғи және техногендік сипаттағы дүлей апат сияқты ерекше жағдайларда оқиға туындаған сәттен бастап үш айдан кешіктірмей өтініш бойынша қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) 1 және 2 топтағы мүгедектерге жылына бір рет сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) 16 жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған тұлғаларға жылына бір рет үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына ай сайын бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне облыстық бюджеттен бөлінетін мақсатты трансфертері есебінен ай сайын жұз пайыз мөлшерінде: қызметтерді жеткізу шартармен ұсынылған тізілімге сәйкес алушылардың жеке шоттарына аудару арқылы сумен жабдықтау, канализация, жылу, қоқыс шығару, электрмен жабдықтау, қатты отын, байланыс қызметтер (абоненттік төлем), газбен жабдықтау;

8) жоғарғы медициналық оқу мекемелерінде оқитын аз қамтылған, көп балалы, халықтың (отбасылардың) әлеуметтік жағынан әлсіз тобына жататын студенттерге оқуы үшін бір оқу жылына, жыл сайын, Шортанды ауданында жұмыспен өтеуді ескере отырып, оқу шығындарын жұз пайыз төлеу, төлем оқу мекемесімен жасасқан шарт, аудан әкімімен, Шортанды аудандық орталық ауруханасының бас дәрігерімен және студент арасында жасалған үш жақты келісім шарттың, оқу орнынан берілген анықтаманың, "Шортанды ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қолдаухатының негізінде көрсетіледі.

Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек өтініш бойынша әлеуметтік қолдауға мұқтаж ең тәменгі күнкөріс деңгейінен тәмен орта жандық кірісі бар отбасыларға (азаматтарға) (бұдан әрі - аз қамтылған отбасылар (азаматтар) жылына бір рет сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде беріледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 24.12.2015 № С-44/7 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 04.08.2016 № С-6/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

11. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек уәкілетті ұйымның немесе өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы органмен бекітілген тізімі бойынша алушылардан өтініштер талап етілмей көрсетіледі.

12. Ең тәменгі күнкөріс деңгейінен тәмен орта жандық кірісі бар отбасыларға (азаматтарға) қыын өмірлік жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кенттің, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін раставтын құжатты;

3) Үлгілік қағидалардың 1 қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;

- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қызын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

Отбасының (азаматтың) орта жандық кірісіне қарамастан әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

3) екінші деңгейдегі банктерде немесе банк операцияларын іске асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарда жеке шоты болуын растайтын құжатты;

4) 16 жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған тұлғаларға қосымша:

баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін;

мүгедектік жөніндегі анықтаманың көшірмесін;

5) 1, 2 топтағы мүгедектерге, қосымша:

мүгедектік жөніндегі анықтаманың көшірмесін;

6) белгілі мән-жайлар бойынша жедел әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға (азаматтарға), ерт, су тасқыны, басқа да табиғи және техногендік сипаттағы дүлей апат сияқты ерекше жағдайларда отбасыларға (азаматтарға), қосымша:

арнайы қызметтермен берілген (тілсіз жау) өрт туралы актіні.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 24.12.2015 № С-44/7 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12-1. Аз қамтылған, көп балалы, халықтың (отбасылардың) әлеуметтік жағынан әлсіз тобына жататын жоғарғы медициналық оқу мекемелерінде оқитын студенттер әлеуметтік көмек алу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

оқу орнынан шарт;

аудан әкімі, Шортанды аудандық орталық ауруханасының бас дәрігерімен және студент арасында жасалған үш жақты келісім шарты;

оқу орнынан анықтама;

көп балалы отбасының мәртебесін растайтын анықтама немесе өтініш берушінің аз қамтылған, халықта (отбасыларға) әлеуметтік жағынан әлсіз тобына жататындығын растайтын анықтама;

"Шортанды ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қолдауhatы.

Ескерту. 3 тарау 12-1 тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 04.08.2016 № С-6/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

14. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауылдық округтердің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

15. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Кент, ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

16. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

17. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

18. Уәкілетті орган участекелік комиссиядан немесе кент, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

19. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

20. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 16 және 17 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

21. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушінің жазбаша хабардар етеді.

22. Алынып тасталды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 11.05.2016 № С-3/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

23. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) әлеуметтік көмек көрсету үшін тұлғаның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

24. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру Шортанды ауданының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негізdemeler

25. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Шортанды ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

26. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

27. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.